Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Бекітемін

Балабақша меңгерушісі

__________Р.Қаламбаева

# Қош келдің Жаңа жыл

«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиешілері:Сейдуалиева.Г
Искакова.Б

2021-2022ж

# «Қош келдің Жаңа жыл!»

(Музыка ойнап тұрады).

**Жүр-і**:Тезірек,тездетіп мұнда жиналыңдар!
Басталады жаңа жылдық карнавал,маска да бар,
Биде де бар,асығыңдар,шыршаға асығыңдар.
Карнавалдың иелерін қарсы алайық.
(Балалар екі-екіден залға кіреді)
Армысыздар ұстаздар, ата-аналар!Сәлеметсіздерме балалар! Сендер бүгін енді киініп,әдемі болып кетіпсіңдер.Ал бүгін балалар қандай мереке?

**Бал-р:**Жаңа жыл.

**Жүр-і:**Жаңа жылдық ертеңгілігімізді ашудағы құттықтау сөз балабақша меңгерушісі Қамбарбекова    Қарлығаш Сатыбалдықызына беріледі.

**Жүр-і:**Даланың да,қаланыңда
Думандатып отбасын,
Тағы міне жаңа жыл
Қақты уақыт қақпасын
Сәлем бізден баршаға
Құтықтаймыз жар сала
Бүгін бізде жаңа жыл
Қош келіпсіз шыршаға
Жаңа  жылда көңілді
Шырқалады әніміз
Ата-аналар сіздерді
Құттықтаймыз бәріміз

**Жүр-і:**Балалар бүгін біз жаңа жылды қарсы алуға жиналдық.Келіңдер сән құрап тұрып,қол ұстасып жүріп ән салайық.

**Ән: «шырша жыры»**

**Жүр-і:** Балалар ортамызда әсем не?

**Бал-р:**Шырша

**Жүр-і:**Шыршамыз қандай әдемі!Ойыншықтары неткен көп!Ал, кім бізге шыршаға арналған тақпақтарын айтып береді екен.

1.Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар          **\Гүлсезім**
Шыршаға әсем іліпті.

**2.**Ақ қар жапты даланы
Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдарын **\Саят**
Шырша келді ортаға

**3.Жасыл шырша қош келіпсің**
Сені аңсап жүрдік біз
Өзіңменен жаңа жылды **\Бейбарыс**
Қарсы алуға келдік біз

**6.**Жаңа жылдың жасұланы
Біз шыршаны қарсы алған **\А.Інжу**
Тамашаға асығады
Көтен күтіп аңсаған

7. Жасыл шырша жайнаган
жарқыраган нұр експ
қандай ғажап айнала **/Аяна/**
құлпырған гүлменен.

**Жүргізуші: Жарайсыңдар, қандай жақсы тақпақтар! (шыршаның жанына жақындап келіп) бәрекелді, қараңдар балалар, шыршаның астында бірдеңе тұр! Сыйлықтар! Сыйлық алу қандай тамаша, келіңдер, балалар, сыйлықты ашып көрейік. (көңілді муз. Ойнайды, қорапты ашады, оның ішінен Клоун атып шығады.)**
**Клоун: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмің. Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды! Ол жерде тар, әрі қап - қараңғы. Ал, мұнда сондай тамаша екен! Мен де сендермен жаңа жалды қарсы алайыншы, сендермен бірге қызықты ойынды ойнайыншы!**
**Ойын: «Кім жеңеді?» (4 орындықпен)**

**Жүргізуші: Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балаларымыз бар, ата - аналарымыз, көрермендеріміз де бар екен, енді, біздің жаңа жылдық мерекемізге кім жетпейді?**
**Балалар: Аязата, Ақшақар.**
**Жүргізуші: кәне, онда Аязатаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.**

келеді.)
Қоян: Ойбай түрлерін қара! Неге тамақтарыңды жыртып жатырсыңдар?!
Жүргізуші: Ал, сен неге амандаспайсын? Әдепті адам алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?
Қоян: Білсем бұйырмасын!
Жүргізуші: Мұны тіпті мына бүлдіршіндеріміз біледі. Ал, саған тіпті ұят Саған ешкім үйреткен жоқ па?
Қоян: Жоқ.
Жүргізуші: Сен өзі қайдан шықтың? Біз Аязатаны шақырып едік қой?!
Қоян: Ал, мені мерекеге неге шақырмайсыңдар? Аязата сендерге бәрібір келмейді, өйткені мен ормандағы жол көрсететін белгіні алып тастадым, енді ол жол таба алмайды ха - ха - ха (деп секіреді)
Жүргізуші: неге олай еттің? Аязата, Ақшақарсыз қандай жаңа жыл келмек?
Қоян: Ә, бәлем, солай ма екен! (осы кезде боранның гуілдеген дыбысы естіледі. Қоян тоңа бастайды да, біреулердің киімдерінің астына кіріп, ата - аналарға тығылып, соңында шыршаның астына тығыла бастайды )
Алыстан Аязатаның дауысы естіледі.
Жүргізуші: Аязата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін, шақырайық, қол соғайық, болған қиындықтарды ұмытайық!
Балалар: Аязата, Ақшақар!
Аязата: Сәлематсыңдар ма, балалар!
Күнтізбеде қалыпты жалғыз ғана бір парақ,
Дайындалдым жыл бойы,
Жолға шығар келді уақ!
Шақырымды жүздеген
Басып өту мен үшін
Жаңа жылдың түнінде
Жасыл шырша түбінде.
Кездессем деп сендермен,
Тарасам екен сыйлықтар,
Одан асқан не сый бар.
Қуаныш сыйлау балаға
Одан зор бақыт бола ма!
Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!

сөздерімізбен оның шамдарын жарқыратайық!
Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат! (3 рет айту керек)
Балалар: Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат.(қолдарын шапалақтатады) Шырша жарқырайды.
Аязата: Балалар, менің қарша қызым қайда жүр екен, кім тауып береді екен маған?
Аязата: Бәрекелді, бәрекелді. Менің Ақшақарым қазір келіп қалар, мынадай тақпақтар дан кейін кідірмес. Клоун балам, сыйлықтарын берейік тақпақ айтқан балаларға.
Жүргізуші:Қане балалардың өнерін тамашалайық.
Би.
Жүргізуші: Аязата, мен де, жұмбақтап жіберсем қайтеді?
Ертегідей орманнан
Көктей өтіп келеді.
Сұңқар бойлы бір сұлу
Табынаршы, аты кім?
Балалар: Ақшақар! (музыкамен Ақшақар кіреді)
Ақшақар: Сәлеметсыңдар ма, балалар! Орманды көктей өтіп жеттім - ау сендерге. Қандай әдемі, неткен сұлу шырша! Мен білемін бір ойын:
Үйретейін сендерге
Мен бастайын, ал, сендер аяқтаңдар ойынды. Хормен жауап айтыңдар!
Қарға мүлгіп дала тұр, келе жатыр....
Балалар: Жаңа жыл!
Ақшақар: Қызыл мұрын, ақ мұртты білсең атын тез ата, келеді бізге.....
Балалар: Аязата!
Ақшақар: Шырша бүгін кәделі! Сендер әрі....
Балалар: Әдемі!
Ақшақар: Көңілсіз бір бала жоқ, ойын – күлкі таралсын.
Құтты болсын....
Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)
Ескі жыл Маймылмен қоштасамыз
Жаңа жыл келеді.
Жаңа жыл: Кім десеңдер, мен жаңа жылмын, Тауықпын. Мен әкелген жаңа жыл сендерге үлкен табыс, денсаулық ала келдім.

**Аязата: Бәрекелді, ал, енді балалар тақпақтарын айтып берсін.**

Кел, Жаңа жыл! Төрле-төрле жеріме
Құт-береке боп келгейсің еліме.
Үміт артып армандарға аяулы **\Ж.Інжу**
Шаттығыңа бөлегейсің мені де.

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрлет ,төрлет жаңа жыл **\Алмат**
Бізге құтты жыл болсын

Жаңа жылмен,жаңа жылмен
Құттықтаймыз әрине
Әкемізді , анамызды **\С.Жансая**
Қонақтардың бәрінде

Жаңа

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн **\Жансая**
Қанаттана кең алқапқа тарайды

Бізбен бірге ойнайды
Жаңа жылды тойлайды
Барлық бала бақытты **\Дидар**
Болса екен деп ойлайды

О ,жаңа жыл кел төріме
Күттік сені және біз
Қуаныштың желкенніне **\ Ерсұлтан**
Тербеледі еліміз
Әсем шырша сәнденген,
Өз аңдарын күтеді.
Жаңа жылмен бірге біз,
Орманға кеп жетеді. **Есен**

**Ал енди менің үлпа карларымнын биін тамашалайык.**

**Би: «Үлпа қарлар»**

**Жүр-ші:**ал балалар жана жылдык тақпақтарымызды айтайықшы

Жаңа жыл білім нұрын шашып тұр
Намыс , жігер бақыт гүлін ашып тұр
Адамзаттың армандары асқақтап **\Асылжан**
Тебіреніп от сезімі тасып тұр

Аппақ тонға оранып
Базарлыкты мол алып
Келді алыс сапардан **\Нұрсезім**
Аяз ата оранып.

Жаңа жылда арналады жаңа жыр
Жаңа жылда шақырады бар өмір
Бақыт болып жаңа жылым келді ғой **\Мағжан**
Құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл

Жаңа жылды бар елде
Жаңа жырға балайды
Жаңа жылға әркімде
Жақсы үмітпен қарайды **\ Ұлжан**

Жүзімізге күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз **\Нұрислам**
Жаңа жылы біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

Далада қар борайды,,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады қатады,
Жап - жалтар боп жатады. **Әминм**

Ей, жаңа жыл,жаңа бақыт ырысым
Жақсылықтың жаршысыда нұрысың
Адамдардың асқақтаған арманы



